ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 19 қантардағы №7119-23-00-2/15648 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «47558 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«АбшеронИнвест» жауапкершілігі шектеулі серіктістік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «47558 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АбшеронИнвест» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«АбшеронИнвест» жауапкершілігі шектеулі серіктістігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«АбшеронИнвест» жауапкершілігі шектеулі серіктістігінен мемлекет кірісіне 19 812 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын сомасы, 2 319 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж, барлығы 22 131 (жиырма екі мың бір жүз отыз бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 19.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 01.03.2024
7119-23-3-1/15534

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 19.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Тюлебекова Г. С., 01.03.2024

7119-23-3-1/15534